ТтТ" ТЕАТР – ТВОРЧЕСТВО – ТАЛАНТ
атты балалар мен жеткіншектердің халықаралық театр фестиваль-конкурсының
Е Р Е Ж Е С І

"ТтТ"– балалар мен жастар театр ұжымдарының фестиваль-конкурсы.

Қазақстанда 2022 жыл Балалар Жылы деп жарияланды. «Балалардың амандығы – елдің табысты болашағының сенімді кепілі. Өскелең ұрпақтың үйлесімді дамуы мен бақытты балалық шағы – біздің жалпыұлттық міндетіміз», Қасым-Жомарт Тоқаев.

"ТтТ"фестиваль-конкурсы:

Қазақстан Республикасы Президентінің «Тәуелсіздік ұрпақтары» Грантының; Нұр-Сұлтан қаласы Музыкалық жас көрермен театрының қолдауымен өткізіледі;

Өтетін орны: Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қаласы, Ж.Омаров көшесі 47Б

Ұйымдастырушы:
Думан Әкімнің шығармашылық орталығы.

Фестивальдің мақсаты: Тәжірибе алмасу, оқытушылардың кәсіби шеберлігін арттыру арқылы балалар мен жасөспірімдердің театр шығармашылығын қолдау үшін жағдай жасау.

Фестиваль тақырыбы: Балалардың таланты мен қиялында шек болмайтындықтан, биыл фестиваль-конкурстың нақты тақырыбы жоқ. Сонымен

қатар, репертуар ұжымның (жеке орындаушының) жасына және шығармашылық мүмкіндіктеріне сәйкес болуы тиіс.

Міндеті:

- Өз халқының тарихи және мәдени мұрасына байыпты қарауға тәрбиелеу, рухани мәдениеттілікті қалыптастыру;
- Балалар мен жастарды патриоттық, көркемдік-эстетикалық және адамгершілік тұрғыда тәрбиелеуге ат салысу;
- Жас ұрпақтың бойында әдеби талғам қалыптастыру;
- Балалар мен жастардың шығармашылық қабілеттерін дамыту;
- Кәсіби мәдениетаралық қарым-қатынас пен ұлтаралық байланыстарды дамыту үшін жағдай жасау;
- Режиссерлер мен ұстаздардың тәжірибе алмасуы;
- Театр өнері саласындағы білім беру процесінің тиімділігін арттыру;
- Балалар мен жастар үшін кәсіби театр өнерін дамытуға ықпал ететін ең қызықты, жаңашыл шығармашылық жобаларды анықтау және қолдау;
- Осы санат көрерменіне ұсынылар репертуар мәселесін шешу;
- Заманауи бала мен жасөспірім өмір-салтына қатысты мәселелерді зерттеп, театр өнері арқылы оның шешім табу жолдарын қарастыру;
- Балалар театр ұжымдарына кәсіби көмек көрсету («дөңгелек үстел» өткізу, артистермен, сыншылармен, театр мамандарымен кездесулер ұйымдастыру).

Фестиваль-конкурсқа қатысу шарттары:

Фестиваль-конкурсқа қатысушылар.

Ұйымдастырушылар ұсынған жұмыс шарттарын ұстанған кәсіби және кәсіби емес (әуесқой) кез-келген ұжым қатысушы бола алады.

Қатысушылардың жас ерекшеліктері:

1 жас тобы 8-10 жас;

2 жас тобы 11-13 жас;

3 жас тобы 14-16 жас;

4 жас тобы 17-19 жас;

Кәсіби 20-23 жас.

Әр топ ұжымында көрсетілген жас ерекшелік шектеуінен жас немесе ересек қатысушылардың 30%-ға дейін болуына рұқсат етіледі.

Қатысушылардың жасы 23 жасқа дейін қоса алғанда.

Қатысушыларға қойылатын бағдарламалық талаптар

- **КӨРКЕМСӨЗ** (ертегі, проза, поэзия, мысал, астарлы әңгіме, монолог, әдеби-музыкалық композиция).

Бір шығарма немесе үзінді оқылады.

Солистер үшін өнер көрсету ұзақтығы 5 минуттан аспайды, топ үшін 30 минуттан аспайды.

Бағалау критерийі:

- шығарма тақырыбын ашудың толықтығы мен мәнерлілігі;
- артистік қабілет, көркем образдың жарқындығы мен оны аша білу шеберлігі;
- орындаушылық деңгейі;
- дикция;
- орындалатын шығарманың күрделілігі;
- мәтінді жатқа білу;
- орындаушылардың жас ерекшелігіне репертуардың сәйкес келуі.

•СПЕКТАКЛЬ

«Спектакль» аталымында фестиваль-конкурсқа қатысушылар драмалық, қуыршақ, музыкалық, фольклорлық, пластикалық спектакльдерді, сонымен қатар, бір актілі шағын пьесаларды, комедия және сатира жанрындағы театрлық қойылымдарды, спектакльдер мен пьесалардың тақырыптық түйінделген үзінділерін ұсына алады.

Өнер көрсету ұзақтығы – 45 минуттан аспауы тиіс.

Бағалау критериі:

- режиссерлік шешімнің даралығы;
- қойылымның ұжым жас ерекшелігі мен шығармашылық мүмкіндігіне сәйкес келуі;
- спектакльдің, қойылымның көркемдік безендірілуі;
- спектакльдің, қойылымның музыкалық безендірілуі;
- орындаушылардың актёрлік шеберлігі.
- актерлер дикциясы (дауыс мәнері)
- туынды тақырыбын ашудағы толымдылық пен мәнерлілік;
- көркем образдың жарқындығы мен оны аша білу шеберлігі;
- сахнада өзін-өзі ұстауы (пластикасы, сахналық киімі, орындаушылық мәдениеті);

•ЕРЕКШЕ ЖАНР / ЗАМАНАУИ ӨНЕР

(пластикалық этюд; цирк өнері: фокустар, пантомима, клоунада, эквилибристика, қақпақылдау, эксцентрика, цирктік жаттықтыру және т.б. заттармен жұмыс: диаболо, моноциклдер, хула-хуп, баспалдақтар, жүргіштер, орындықтар, текшелер, доптар, шарлар, роликтер, секіргіштер және т. б.).

НАЗАР аударыңыз! Ауа және отпен байланысы жоқ басқа барлық түрлері.

Өнер көрсету ұзақтығы 7 минуттан аспауы тиіс.

Бағалау критерийі:

- дайындық деңгейі;
- орындаушылық шеберлігі;
- техникалық мүмкіндіктер;
- әртістік;
- сахналық (пластика, костюм, орындау мәдениеті);
- орындалатын бағдарламаның күрделілігі;
- бағдарламаның көркемдеп безендірілуі;
- бағдарламаның музыкалық безендірілуі;

Міндетті техникалық талаптар.

Музыкалық безендірудің жазбасы театр тобының атауы немесе орындаушының аты-жөні көрсетілген, дыбыс сапасы жоғары флеш-тасығышта болуы тиіс. Фестиваль-конкурс аяқталғаннан кейін фонограммалар қатысушыларға қайтарылады.

Өткізу мерзімі мен тәртібі

Фестиваль-конкурсқа қатысу үшін ұйымдастыру комитетіне **2022 жылдың 15 наурызына дейін**:

- фестиваль-конкурсқа қатысуға өтінім https://docs.google.com/forms/d/e/1FAIpQLScbVQzjAqD_f8vnlUznchCclsSAcaTWvZpvJgS1Al4O-ZnTRA/viewform?usp=sf_link
- teatr_fkttt@mail.ru электрондық поштасына хаттың тақырыбы жазылатын тұсқа ұжымның атауы немесе жеке орындаушының Т. А. Ә.:
- Төлем туралы сканер немесе фото түбіртектер;
- Қатысушының (қатысушылардың) туу туралы куәлігінің, жеке куәлігінің, төлқұжатының сканерленген нұсқасы немесе фотосуреті);
- Фестиваль-конкурс сайтында және әлеуметтік желілерде орналастыру үшін ұжымның, жеке орындаушының (2-3 дана) жақсы сапалы фотосуреттері (аты-жөні жазылған) ;

Өтінім бере отырып, қатысушы ұйымдастыру комитетінің электрондық поштасын жіберген дербес деректерді, сондай-ақ Халықаралық фестиваль-конкурсты ұйымдастырушыларға жіберген өзге де дербес деректерді өңдеуге

келісім береді.

Әрбір конкурстық жұмысқа жеке өтінім толтырылады.
Дұрыс толтырылмаған өтінімдер қабылданбайды.
Өтінім бір рет жіберіледі.

Фестиваль-конкурсқа қатысушылардың өнер көрсету тәртібін ұйымдастыру комитеті қалыптастырады. Өнер көрсету күні, уақыты және орны өтінім жіберушінің электрондық мекенжайына ақпараттық хатпен жіберілді.

Қойылым алдында дайындық қарастырылмаған.

«Спектакль» аталымында әр қойылым алдында декорациялар мен реквизиттерді дайындау үшін 10-15 минут беріледі.

4сәуір 2022 ж. – Фестиваль-конкурстың ашылу салтанаты.

«Спектакль» аталымындағы конкурс жұмыстарын қарау;

5сәуір 2022 ж. –«Спектакль», «Ерекше жанр/заманауи өнер» аталымындағы конкурс жұмыстарын қарау;

6сәуір 2022 ж. – «Көркем сөз» аталымындағы конкурс жұмыстарын қарау;

7сәуір 2022 ж. –Театр ұжымдарының жетекшілерімен «Дөңгелек үстел» өтеді. Шеберлік сыныптары ұйымдастырылады.

Фестиваль-конкурстың салтанатты жабылуы;

Фестиваль-конкурсты өткізу барысында театр ұжымдарының жетекшілері өнер көрсету кезіндегі қауіпсіздік техникасы үшін толық дербес жауапты болады.

Ұжым жетекшілері кәмелетке толмаған қатысушылардың ата-аналарынан немесе заңды өкілдерінен ұйымдастырушылардың фестиваль-конкурсты өткізу кезінде олардың дербес деректерін пайдалануына жазбаша келісім алып береді.

Ұйымдастыру комитеті қатысушыны, шығармашылық ұжымды, жетекшіні конкурстың ішкі тәртібі, қағидаларын бұзғаны, ұйымдастыру комитетіне, қазылар алқасы мүшелеріне және фестиваль қатысушыларына қатысты тәртіпті бұзғаны және әдепсіз мінез-құлқы үшін сайыстан шығарып тастауға құқылы.

Қазылар алқасы

Қатысушылардың өнер көрсетуі кәсіби қазылардың жасырын дауыс беруі арқылы бағаланады. Қазылар алқасының құрамына Қазақстан Республикасының, Қырғызстан Республикасының, Ресей Федерациясының театр саласындағы жоғары білікті мамандары, мәдениет қайраткерлері енеді.

Қазылар шешімі хаттамаға енгізіліп, соңғы шешім ретінде қаралады және өзгертуге жатпайды.

Фестиваль-конкурстың қорытындысы шараның жабылу салтанаты кезінде айтылады.

Қазылар алқасы жалпы отырыста 1, 2 және 3 дәрежелі лауреаттарды, сондай-ақ әр жас тобында Бас жүлде иегерін анықтайды.

Қазылар алқасы құқылы:

- кейбір аталымдарда жүлделі орындар бермеуге;
- қатысушылар арасында жүлделі орындарды бөлуге;
- арнайы дипломдар беруге құқылы:

• драматургиялық шығарманы жаңадан оқығаны үшін;
• классикаға ұқыпты қарағаны үшін;
• дара стильді іздегені үшін;
• рөлді түсіндірудегі жарқындық пен өзіндік ерекшелігі үшін;
• спектакльдегі режиссерлік шешім мен жаңашылдықтар үшін;
• жас әртістің үздік рөлі үшін (8-12 жас, 13-17 жас, ер бала);
• жас әртістің үздік рөлі үшін (8-12 жас, 13-17 жас қыз бала);
• үздік ер адам рөлі үшін (18 – 23 жас);
• үздік әйел адам рөлі үшін (18 – 23 жас);
• театр костюмдерінің ерекшелігі мен мәнерлілігі үшін;
• спектакльді, қойылымды үздік музыкалық безендіргені үшін;
• спектакльді, қойылымды үздік көркемдеп безендіргені үшін.

Фестиваль-конкурсқа қатысушылардың төмен деңгейде өнер көрсеткен жағдайында қазылар алқасы жүлдегерлер мен дипломанттарды анықтамауға құқылы.

Қазылар алқасы фестиваль-конкурсқа қатысушыларға арнайы сыйлықтар тағайындау құқығына ие.

Қазылар алқасы ұйымдастыру комитетімен келісе отырып, фестиваль-байқаудың лауреаттар және номинанттар санын өзгертуге құқылы. Фестиваль-байқауға қатысушылардың барлығы қатысушы сертификатымен және естелік сыйлықтармен марапатталады.

Ұйымдастыру талаптары

Қатысушылардың жол, баспана және тамақтану шығыны жіберуші есебінен төленеді.

Ұйымдастыру жарнасы:

Солистер – 10 000 теңге (2000 рубль)

Шағын топтар – 5 адамға дейін-әр қатысушыдан 7 000 теңге (1500 рубль),
5 адамнан жоғары топтар – әр қатысушыдан 5 000 теңге (1000 рубль).

Солист қосымша номинацияға қатысқан жағдайда екінші номинацияға 50% жеңілдік қарастырылған.

Жетім балалар мен көп балалы отбасылардан шыққан балалар тегін қатысады; (растайтын құжаттар)

Ұйымдастыру жарнасы полиграфиялық шығындарға (сертификаттар, грамоталар, дипломдар, бағдарламалар және т.б.), қатысушыларға арналған жүлделер мен сыйлықтарға, шақырылған қонақтардың шығындарын төлеуге пайдаланылады.

Өтінімде көрсетілген қатысушылар саны, репертуар туралы деректер түпкілікті деп түсіндіріледі. Өзгерістер конкурс басталғанға дейін кемінде 20 күн бұрын енгізілуі мүмкін.

Біздің реквизиттер:
ИП «Творческий центр Думана Акима»
ИИН: 930521350042
KZ73722C000018388588 АО Kaspi Bank
KASPI GOLD 4400430181445187
teatr_fkttt@mail.ru
ttt-teatr-fest.kz
8 (701) 294 45 46 (WhatsApp)